

**"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын іске асыру жөніндегі қосымша шаралар туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 9 қаңтардағы N 25 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 маусымдағы № 753 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.06.07 № 753 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Лицензиар мемлекеттік органдар 1997 жылдың 15 қаңтарына дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасы Экономика министрлігімен және Әділет министрлігімен келісе отырып, мыналарды:

лицензиялауға жататын қызметтің нақты бір түріне қойылатын біліктілік талаптарын енгізе отырып, лицензия берудің тәртібі мен шарттарын;

лицензияланатын қызмет түрлерінің құрамына кіретін жұмыстар мен қызмет көрсетулердің тізбесін;

лицензияның қолданылу мерзімі шектеліп берілетін лицензияланатын жұмыстар мен қызмет көрсетулер түрлерінің тізбесін;

берілетін лицензиялардың күші әкімшілік аумақтар шеңберінде шектелетін лицензияланатын жұмыстар мен қызмет көрсетулер түрлерінің тізбесін бекітуге ұсынатын болсын.

Лицензия берудің тәртібі мен шарттарын әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасының аумағында күші бар тұрақты лицензияларды (жекелеген қызмет түрлерін қоспағанда) бір, бірнеше немесе барлық қызмет түрлерін орындауға бір лицензиар мемлекеттік органның құзыреті шегінде беру, сондай-ақ лицензиялау жөніндегі өкілеттіктерді тиісті аумақтық басқару органдарына беру көзделсін.

2. "Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2201 қаулысын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1894 P951894\_ қаулысына сәйкес облыстар мен Алматы қаласының жергілікті атқарушы органдары лицензиялауды жүзеге асыратын қызмет түрлеріне лицензия берудің тәртібі мен шарттарын әзірлеуге өкілеттік берілген органдар болып мыналар белгіленсін:

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі - қоғамдық тамақтандыру пункттерінің қызметі бойынша;

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі - тотализаторлар мен казинолар қызметін ұйымдастыру бойынша;

Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі - этил спиртін сақтау мен сату, алкоголь өнімін (сырадан басқа) сақтау мен көтерме с а т у б о й ы н ш а .

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ жаңа абзацпен толықтырылды - ҚРҰ-нің 1997.07.31. N 1196 қаулысымен. P971196\_

ЕСКЕРТУ. 2-тармақтың 4 абзацы алынып тасталды - ҚРҰ-нің 1997.09.19. N 1352 қаулысымен. P971352\_

3. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Қаржы министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі 1997 жылдың 15 қаңтарына дейінгі мерзімде жергілікті атқарушы органдардың лицензиялауына жататын (лотерея өткізуден басқа) лицензияланатын қызмет түрлері бойынша лицензиялар берудің тәртібі мен шарттарын, сондай-ақ осындай қызмет түрлерінің құрамына кіретін жұмыстар мен қызмет көрсетулердің тізбесін әзірлеп, Қазақстан Республикасы Экономика министрлігінің және Әділет министрлігінің келісуімен Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұ с ы н а т ы н б о л с ы н .

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Экология және биоресурстар министрлігі, Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитеті бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Экономика министрлігінің және Әділет министрлігінің келісуімен санитарлық, экологиялық және тау-кен-техникалық қадағалау органдарының жоғарыда аталған қаулыда көзделген лицензияланатын қызмет түрлеріне қорытынды берудің тәртібі мен шарттарын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне бекітуге ұсынатын болсын.

5. Осы қаулы шыққанға дейін берілген лицензиялар қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күшінде болады және лицензия берудің жаңа тәртібі мен шарттарын бекіту қызметтің белгілі бір түріне қайталап лицензия алуды (тұрақты негізде берілген лицензияларды қоспағанда) талап ету үшін негіз бола алмайды д е п б е л г і л е н с і н .

6. Егер жеке және заңды тұлғалар мердігерлерінің қызметтің белгілі бір түрін жүзеге асыруға лицензиясы бар болса, онда бұл тұлғалардан мұндай лицензиялар алу талап етілмейді деп белгіленсін.

7. Лицензиар-мемлекеттік органдарға өзінің жанынан лицензия беру

мәселелерімен шұғылданатын шаруашылық есептегі құрылымдар құруға тыйым салынсын.

8. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік салық комитеті Қаржы министрлігімен бірлесіп бір ай мерзім ішінде "Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензия алымын төлеудің тәртібі туралы Ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 16 тамыздағы N 1127 қаулысымен бекітілген Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төлеу тәртібі туралы ережеге лицензия беру жөніндегі шығасыларды жабатын лицензиялық алым мөлшерін белгілеуді ескере отырып, өзгерістер енгізу жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізісін.

9. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі лицензиар-мемлекеттік органдармен бірге міндетті түрде лицензиялауға жататын қызмет түрлеріне олардың санын нақтылау мен экономикалық жағынан мақсатқа сай келуін ескере отырып, қысқарту мақсатында талдау жасасын, қажет болған жағдайда қолданылып жүрген заңдарды өзгерту жөнінде тиісті ұсыныстар енгізісін.

10. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Үкіметтің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкестендіру жөнінде Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізісін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі